

ОҚУ – ҮЗДІКТЕРДІҢ ҮСТҮК ҰЯСЫ

Бүгінгі жастар белгілі бір мамандық иесі болып қана қоймай, бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыруы тиіс. Иә, қазіргі заманың даму үрдісі жастардан жоғары білім алumen бірге шығармашыл, ісқер және ізденімпаз болуды талап етеді. Ол үшін әрбір жоғары оқу орны өз студентінің тұлға ретінде қалыптасып, дамуына қолайлы жағдай жасауы тиіс. Оңтүстік өнірдегі ең іргелі оқу орны – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің басты стратегиялық мақсаты осы айтылған міндеттерге сай келеді. Оndaғы білім берудің кешендері бағдарламасы студент-жастарды білікті маман ретінде даярлау ғана емес, жан-жақты дамыған, отансүйгіш, үлтжанды азамат етіп қалыптастыру қамтылған.

«Бәсекелестік қабілет дегеніміз – ұлттың аймактық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүниені үсінше алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» деп Елбасы Н.Назарбаев атап өткендей, студенттердің сапалы мамандық алып шығуы үшін барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалған.

Айтаңық, білім үясындағы 10-нан астам түрлі бағыттағы үйрмелерде әр студент бос үақытын тиімді пайдалана отырып, шығармашылығын жан-жақты дамытуына, өзін-өзі шындауына толық мүмкіндік бар. Сонын ішінде арнайы «Шығармашылық кәсіптер факультетінің» негізгі мақсаты – талап күтгән әрбір жастың шығармашылық бастауын айқындаң беріп, қайнар көзін ашуға бағытталған. Бұл бағыт студенттің тұлғалық тұфыра көтерілуіне көмектеседі, әрі әлемді құсырып тұрған нарық заңына сәйкес іс-әрекеттерге бейімдеп, өз таланттыңа сай қосымша жұмыс көзін табуға жол ашады.

Факультетте әртүлі көркемдік-шығармашылық бағыттағы ән, би, «Көңілді тапқырлар клубы», дәстүрлі ән мен терме, домбыра, айтыс және ақындық өнер, дефиле, көркем сөз шеберлері курсары бар. Сондай-ақ, олар вокалды аспаптар ансамбліне, Үнді орталығының үйрмелеріне қатысады, қоғамдық мамандықты менгергені жайлы сертификат алғып шығады.

Мұны баса көрсетіп отырған себебіміз осы факультетте қосымша білім алған жастардың арасында өз таланттың шындалап, бүгінде бінк белеске көтерілген, ел таныған дарындарымыз бар. Осына үлкен асулады бағындырған түлектерімізді мақтанышпен айттар болсақ, эстрада жұлдыздарының ішінде Хадиша Сейитова, Еркін Нұржанов, «Жігіттер квартеті», Айнұр Назарбекова, Астана Қарғабай, Даны Матаева, Ақмарал Биназарова, Мамадияр Тәукеев сының түлектеріміз, сондай-ақ, «Песни» шоу-конкурсының финалисі Назима Жәнібекова – бүтінде елге танымал әншілердің қатарында.

«Қоғамдық кәсіптер» факультетіндегі көңілді тапқырлар клубы үйрмесінің қатысушыларынан

құралған «Байдың балалары» командасы Жайдарман ойындарының 2018 жылғы чемпионы атанды. «Дефиле» үйрмесінің студенттері әр жылдары «Шымкент аруы» конкурсына қатысып, жүлделі орындарды иеленіп жүр. Әсем Нұралиева (2014), олардың қатарында Тогжан Бекжігіт (2015), Айдана Ниязбек (2017), Айғаным Ниязбек (2018) Гран-при және басқа да жүлделерді иеленуде. Сондай-ақ, Бекжігіт Тогжан (2016), Айдана Ниязбек, Салима Бейсенғалиева сының өнерпаз жастар «Қазақстан аруы» байқауына қатысып, өлкеміздің намысын корғады.

Қырандарды қанаттандарып, тұлпарларды тағалауда аянбай тер төгіп жүрген Қазақстанның еңбек сінірген қайраткерлері, КР мәдениет майталмандары, С.Абдрайымова, К.Оралова Халықаралық конкурсардың лауреаттары А.Алпысбай, А.Ортаева, Ж.Нұржанова, А.Назарбекова, А.Ысқақова, Л.Ергебекова секілді білікті мамандар факультеттегі білім беру ісінің мақтаныштары.

Университетте салауатты өмір салтын үстанып, спортпен шұғылдану үшін барлық мүмкіндік бар. Оқу-жаттығу орталығында «Денсаулық», «Буревестник» спорт кешендері мен жаттығу залдарында кәсіби және әуесқой жаттығу түрлерінен 20-дан аса секциялар жұмыс істейді. Жыл сайын студенттер арасында, оқытушы-профессор құрамы мен қызметкерлер жоспарлы түрде спартакиадалар, сайыстар мен ұлттық лигалар үйімдестірылып тұрады.

Атап үйрмелерге қатысып, дене шынықтыру мамандығында оқып жүрген спортшы студенттер республикада ғана емес, Азия, әлемдік және халықаралық сайыстарда топ жарып, үлкен жетістіктерімен қуаныш жүр. Атап айтқанда, 4-курс студенті Ж.Шавкатов қол күрестен әлемнің 4 дүркін женімпазы, М.Байжігіт «Белбей» куресінен әлем чемпионатының қола жүлдегері болса, Н.Кошкенбек армрестлингтен бірнеше дүркін халықаралық турнирлердің женімпазы атанды. В.Старостина «Оқ атудан» әлем кубогының женімпазы болса, А.Воропаева мен Д.Хорольский халықаралық турнирлердің бірнеше дүркін женімпазы атанды.

Студент С.Рысбекова стенд ату бойынша Азия чемпионатының және Халықаралық жарыстардың женімпазы ретінде Олимпиадага жолдама женіп алды, З.Кравченко – қабыргаға атудан дүниежүзілік универсиаданың күміс жүлдегері, Д.Исламбекова – бокстан әлем чемпионатында қола жүлдегері.

Бүгінде 28 мыңға жуық білімгердің ыстық үясына айналған М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті әлемдегі үздік 450 оқу орнының тізіміне еніп, елімізде 3-орынды иеленді. Материалдық-техникалық базасы бай келелі оқу орнында 2000-ға жуық профессор-оқытушы табысты еңбек етуде.

**Садыбек БЕЙСЕНБАЕВ,
М.Әуезов атындағы ОҚУ-дің
қоғаммен байланыс және мәдениет жөніндегі
проректоры.
Әлия МАМЫТ,
студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету
болмінің басшысы.**

М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТИК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ



AUEZOV
UNIVERSITY

